**1999 жылғы қала бюджеті туралы**

***Күшін жойған***

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIII сессиясының 1998 жылғы 25 желтоқсандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 17 қаңтарда N 30 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы қаласы Мәслихатының 2005 жылғы 19 мамырдағы N 559 хатымен.

Ескерту. Бюджет классификациясының өзгеруіне сәйкес бюджетті өзгерту қарастырылды - Алматы қалалық Мәслихатының шешімімен I сайланған XXV сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы. және Алматы қалалық Мәслихатының шешімімен I сайланған XXYI сессиясының 1999 жылғы 15 шілдедегі I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 1999 жылғы Алматы қаласының бюджеті қосымша сәйкес 29351115 мың теңге болып бекітілсін. Алматы қаласының әкімі қала бюджеті мен аудан бюджеттерін қосымшаға сәйкес бекітсін. <*>

Ескерту. 1 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

Ескерту. 2, 3, 4, 5 тармақтар алынды - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

2-1. "Бюджет жүйесі туралы" Z990357_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қала бюджетінің кірістері мыналардың есебінен құрылады деп белгіленсін :

а) салықтардан, алымдардан және бюджетке басқа міндетті төлемдерден:

заңды тұлғалардың табыс салығы - 50%

акциздерден:

араққа - 50%

ликер-арақ бұйымдарына - 50%

шарапқа - 50%

коньякқа - 50%

ақ қайнарға - 50%

сыраға - 50%

күшейтілген сусындарға, күшейтілген шырындар мен бальзамдарға - 50%

шарап материалдарына - 50%

ойын бизнесі;
жеке тұлғалардың табыс салығы;
әлеуметтік салық;
заңды және жеке тұлғалар мүлігінің салығы;
жер салығы;
көлік құралдарының салығы;
кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларды тіркегендігі үшін алынатын алым;
қызметтік жекелеген түрлерімен шұғылдануға құқық беретін лицензиялық алым;
заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркенгендігі үшін алынатын алым;
аукциондық сатылымдардан алынатын алым;
базарларда тауар өткізу құқығы үшін алынатын алым;
заңды және жеке тұлғалардың Алматы қаласының рәміздерін заңға сәйкес өздерінің фирмалық атауларында, қызмет белгілерінде, тауар белгілерінде пайдаланғандығы үшін алынатын алым;
су үшін төлем.
б) Салықтық емес түсімдер:
коммуналдық меншік болып табылатын акциялар пакеттері дивидендтерінің түсімі;
жергілікті атқарушы органдардың лотерея өткізуінен түскен кірістер түсімі;
жергілікті бюджеттен кредит бергендігі үшін алынған сыйақы (мүдделер);
жергілікті өкілді және атқарушы органға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемеге тиесілі мүлікті сатудан түскен түсім;
жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер көрсеткен қызметтерден түскен түсім;
коммуналдық меншік мүлігін жалдаудан түскен түсім;
заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер ұйымдастырған мемлекеттік сатып алуды өткізуден түскен ақша түсімі;
жер учаскелерін жалға беруден түскен түсім;
айналадағы ортаны қорғаудың жергілікті мемлекеттік қорына айналадағы ортаны ластағаны үшін алынатын 50 процент көлеміндегі төлемдер;
қозғалмайтын мүлікті құқығын және онымен мәмілені мемлекеттік тіркеу үшін төлем;
мемлекеттік тіркеу үшін төлем;
мемлекеттік баж салығы;
басқа әкімшілік алымдар;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жергілікті атқарушы органдарға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер алатын әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған басқа салықтық емес және өзге түсімдер.

в) Капитал мен операция жасаудан түскен кірістер:

коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден түскен түсім;

2) алынған ресми трансферттер (гранттар):

заңды және жеке тұлғалардан немесе шет елдік мемлекеттерден;

жоғары тұрған бюджеттен;

3) жергілікті бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша негізгі қарызды өтеу. < * >

Ескерту. 2-1 тармақпен толықтырылды - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

6. Заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлікпен шұғылданатын жеке тұлғалар айына әрбір қызметкер үшін айлық есептеме көрсеткішінің 49 проценті көлемінде әлеуметтік салық төлейді, сондай-ақ, қосымша оны алуға байланысты шығындарды шегере отыра негізгі құралдарды алу, оларды орнату жөніндегі шығын мен "Салық және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" Z952235_ Конституциялық Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес күрделі сипаттағы өзге шығындардан басқа айлық кірістің немесе патент көлемін белгілеу кезінде (патент негізінде қызмет жасайтын жеке тұлғалар үшін) мәлімделген болжанған салық салынатын айлық кірістің 5 процентін төлейді.

7. Шетел азаматтарының жалақысы бөлімінде жұмыс берушілердің әлеуметтік салық ставкасын есептеудің төмендегі тәртібі белгіленсін:

- айына бес еселік айлық есептеме көрсеткіші - әрбір шетел маманы үшін;
- айына он еселік айлық есептеме көрсеткіші - әрбір шетел маманы үшін.

Шетелдік азаматтар жалақысы бөліміндегі жұмыс берушілердің әлеуметтік салығы "Салық және бюджетке басқа міндетті басқа төлемдер туралы" Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен белгіленген тәртіп пен көлемде белгіленеді.

8. Төлемшілердің Зейнетақы қоры, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық әлеуметтік сақтандыру қоры, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры жарналары бойынша қарыздарын әлеуметтік салық есебіне аударатындығы, сондай-ақ, өткен мерзім үшін автомобиль жолдарын пайдаланушылардың (бұрын жол қорына түсетін) ақша аударатындығы белгіленсін.

9. Салықтық және салықтық емес төлемдердің Алматы қаласының қазыналығындағы қала бюджетіне түсетіндігі белгіленсін.

10. Аудандық бюджет кірістерінің қала бюджетінен берілетін қаражат есебінен абсолюттік сомада өзара есеп айырысу жолымен құралатындығы белгіленсін.

11. 1999 жылғы қала бюджеті қаражатының әлеуметтік сала мекемелерін қаржыландыру, қала шаруашылығы салаларының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жұмсалатындығы белгіленсін.

12. Қала бюджетінде атқарушы және заң шығарушы органдарды ұстау мен жалпы сипаттағы қызмет үшін 236034 мың теңге сомасында қаражат бекітілсін.<* >

Ескерту. 12 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

13. Қорғаныс үшін 192286 мың теңге шығын белгіленсін.<*>

Ескерту. 13 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

14. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік бойынша шығындарды қаржыландыруға 885706 мың теңге бекітілсін.<*>

Ескерту. 14 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

15. Білім мекемелерін ұстау үшін 4408033 мың теңге бекітілсін. <*>

Ескерту. 15 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

16. Денсаулық сақтау мекемелерін ұстау үшін 3763021 мың теңге бекітілсін.

1999 жылғы қала бюджеті шығыстарының құрамында медициналық көмектің тегін кепілді көлемі бойынша және қор ұстаушы үлгілері жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қаржыландыруға қаражат қарастырылғандығы ескерілсін.

Медициналық көмектің тегін кепілді көлемі бойынша мемлекеттік тапсырыс шегінде әкімші болып Медициналық қызметтерді көрсету жөніндегі орталықтың Алматы қалалық бөлімшесі белгіленсін. <*>

Ескерту. 16 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

17. Медицина қондырғылары, дәрі-дәрмектің жекелеген түрлерін алуға ( қалалық денсаулық сақтау басқармасы мен ММСҚ АҚБ тізбесі бойынша) емдеу-сақтандыру мекемелерінің жекелеген азаматтарын дәрі-дәрмекпен қамсыздандыруға кететін шығынды, сондай-ақ, "Алматы Пауэр Консолидейтед" "Алматыжылукоммунэнерго" АҚ босататын жылы және ыстық су үшін есеп айырысуға арналған қаражатты және білім мен денсаулық сақтау мекемелерін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығынды орталықтандыру қажет деп танылсын.

18. Әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыру жүргізу үшін 1728869 мың теңге сомасында қаражат бекітілсін.

Қала бюджеті шығыстарының құрамында қоғамдық жұмыстарға, жұмыссыздарды кәсіби даярлау мен қайта даярлауға, жұмыссыздарды еңбекке орналастыруға көмектесуге қаражат қарастырылсын.

1999 жылғы 1 мамырдан бастап Алматы қаласының барлық санаттағы зейнеткерлеріне бұрын берілген ыстық су, 18 м2 норма шегіндегі орталықтандырылған жылыту, газ, суық су мен канализация үшін тарифтік ставкалардың 50 проценті көлемінде коммуналдық қызметтердің төлемі жөніндегі жеңілдіктердің орнына айлық есептемелік көрсеткіштің 0,5 көлемінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы белгіленсін.

Қала бюджетінде туған балаға, адамдарды жерлеуге және жұмыссыздарға көмек бойынша шығындардың қарастырылғандығы ескерілсін.<*>

Ескерту. 18 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

19. Қала аумағын көріктендіру, оны көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге 622000 мың теңге сомасында қаражат бекітілсін.

20. Мәдениет салалары мекемелерін ұстауға, спорт жөніндегі шараларға және ақпарат кеңістігі үшін 372332 мың теңге қаражат бекітілсін.<*>

Ескерту. 20 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

21. Қоршаған ортаны қорғау қоры бойынша шаралар үшін 70000 мың теңге қаражат бекітілсін.<*>

Ескерту. 21 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

22. Жобалау-іздестіру, конструкторлық жұмыстар үшін 42000 мың теңге қаражат қарастырылсын.

23. Автомобиль жолдарын қалпына келтіру мен қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге кететін шығындар үшін қала бюджетінен 431816 мың теңге ескерілсін.<*>

Ескерту. 23 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

24. Шағын және орта бизнесті қолдау үшін 50000 мың теңге сомасында қаражат бекітілсін.

25. 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап жергілікті бюджеттер құрамында жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыру үшін қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздарды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді, ҰОС мүгедектері мен қатысушыларын баспасөзге жазуға, ҰОС мүгедектеріне, қатысушыларына және азаматтардың кейбір санаттарына байланыс үшін әлеуметтік көмек көрсетуді қоса алғанда қаражат қарастырылатындығы ескерілсін.

26. Қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының шығындарында ҰОС мүгедектерінің, азаматтардың кейбір санаттарының тіс протездері мен көзәйнек оптикасы бойынша әлеуметтік көмек көрсетуі үшін қаражат ескерілсін.

27. Қала Әкімінің резерв қоры 263000 мың теңге сомасында бекітілсін.<*>

Ескерту. 27 тармақ өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен.

28. 2000 жылдың 1 қаңтарында қала бюджеті бойынша қолға берілетін ақшаның айналымдағы резерв қорының көлемі 300000 мың теңге сомасында бекітілсін.

29. Алматы қаласы бойынша салық комитеті қарастырылған қаражаттың бюджетке өз уақытында және толық түсуін қамтамасыз етсін.

30. Әлеуметтік-экономикалық саясат мәселесі бойынша жедел шешім қабылдау үшін қала әкіміне бюджеттің атқарылу процесінде бюджет бөлінісін нақтылау мен өзгеріс құқығы беріліп, олар артынша Мәслихатта бекітілсін.

31. Есеп беру жылының аяғында қала бюджеті бойынша қалыптасқан кірістердің шығыстардан артығы қала әкімінің иелігінде қалады және оның өкімі бойынша айналымдағы кассалық қолға берілетін ақшаны көбейтуге және кезек күттірмейтін мұқтажға жұмсалады.

I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXIII сессиясының төрағасы I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының» 1998 жылғы 25 желтоқсандағы XXIII сессиясының шешіміне N 1 қосымша

## "1999 жылға арналған Алматы қаласының" БЮДЖЕТІ

КІРІСТЕР<*>

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда мазмұндалған - Алматы қалалық Мәслихатының I сайланған XXY сессиясының 1999 жылғы 14 мамырдағы шешімімен. V99r061_

мың теңге

------------------------------------------------------------------------

Санат !

Сынып ! Өзгерісті

Кіші сынып ! ескергендегі
Ерекшелік ! бюджет

-----------------------------------------------------------------------

1!2!3!4! 5 ! 6

-----------------------------------------------------------------------

1 Салық түсімдері 27251885
1 Кірістерге салынатын табыс салығы 13328981
1 Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы 4656586
2 Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы 8672395
1 Жеке тұлғалардың көлем төлемінен ұсталатын табыс салығы 7334935
2 Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы 1337460
3 Әлеуметтік салық 9214000
4 Меншік салығы 3172998
1 Мүлік салығы 1652750
1 Заңды тұлғалар мүлкіне салынатын салық<*> 1488488

Ескерту. Айқындама өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының шешімімен I сайланған XXYI сессиясының 1999 жылғы 15 шілдедегі.

2 Жеке тұлғалар мүлкіне салынатын салық 219186
3 Жер салығы 906394
4 Көлік құралдарына салынатын салық 613854
1 Заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық 282933
2 Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық 330921
5 Тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетуге салынатын ішкі салық 1511732
2 Акциздер<*> 361068

Ескерту. Айқындама өзгертілді - Алматы қалалық Мәслихатының шешімімен I сайланған XXYI сессиясының 1999 жылғы 15 шілдедегі.

2 Арақ 191385
3 Ликер арақ бұйымдары 11827
4 Шарап 18944
5 Коньяк 15000
6 Аққайнар 8601
7 Сыра 67328
8 Күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар 43007

23 Ойын бизнесі 59900

3 Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін алынатын төлем 3480

3 Су төлемі 3480

4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын төлем 1092260

1 Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларды тіркеуден өткізгені үшін алынатын алым 13600

2 Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу үшін алынатын алым 121900

3 Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым 65300

4 Аукциондық сатылымнан алынатын алым 2180

5 Базарларда тауар сату құқығы үшін алынатын алым 889280

7 Басқа салықтар 24174

1 Басқа салықтар 24174

1 Қарыздар түсімі 24174

2 Салықтық емес түсімдер 1682066

1 Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен түскен кіріс 707398

2 Заңды тұлғалар мен қаржы мекемелерінің салықтық емес түсімдері 707398

5 Тәркіленген, иесіз мүлікті, мемлекет мұралығына көшкен мүлікті, қазынаны, олжаны өткізуден түскен түсім 1110

6 Республика ішінде мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік қаржы мекемелерінің берген несиелері мен кредиттері үшін алынған проценттер 1188

8 Меншік құқығын, жер пайдалану құқығын, жер учаскелерін жалдауды қоса алғанда сатудан түскен түсім 680500

12 Мемлекеттік кәсіпорындарға тиесілі мүлікті сатудан түскен түсім 24600

2 Әкімшілік алымдары мен төлемдері, коммерциялық емес және көлденең»сатудан түскен кірістер 549165

1 Әкімшіліктік алымдар 223550

3 Әкімшіліктік тұтқындалған тұлғалар орындайтын жұмыстар мен қызметтерді ұйымдастырудан түскен түсім 30550

4 Қозғалмайтын мүлік құқығы мен онымен мәмілені мемлекеттік тіркегендігі үшін төлем 25200

9 Қылмыстық түзету инспекциясынан алынған кірістер 2200

12 Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем 165600

2 Баж салығы 291215

1 Мемлекеттік баж салығы 291215

3 Басқа төлемдер және коммерциялық емес және көлденең» сатылымдардан түскен кіріс 34400

1 Мемлекеттік мүлікті жалдау мен сатудан түскен кіріс 24600

9 Басқа төлемдер және коммерциялық емес және көлденең» сатылымдардан түскен кіріс 9800

3 Айыптар мен санкциялар бойынша түсім 317263

1 Айыптар мен санкциялар бойынша түсім 317263

1 Әкімшіліктік айыппұл мен басқа санкциялар (жасырған салық бойынша салық органдары салғаннан басқа) 226700

2 Медициналық айықтырғышқа орналасқан тұлғалар төлемдерінің»түсімі 15000

3 Стандарттар талаптары мен сертификаттау тәртібіне сай емес өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден алынған кіріс жиынының түсімі 3800

9 Басқа санкциялар мен айыппұлдар 53363

10 Табиғат қорғау заңын бұзғандығы үшін алынатын айыппұл 18400

5 Басқа салықтық емес түсімдер 108240

1 Басқа салықтық емес түсімдер 108240

9 Басқа салықтық емес түсімдер 108240

3 Капитал мен операция жасаудан түскен кірістер 268352

1 Негізгі капиталды сату 268352

1 Негізгі капиталды сату 268352

4 Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруден түскен түсім 268352

4 Алынған ресми трансферттер 100000

2 Жоғарғы басқару органдарының трансферті 100000

1 Республикалық бюджет трансферті 100000

2 Капиталдық 100000

5 Басқа ішкі кредитті өтеу 48812

1 Бұрын берілген кредитті өтеу 48812

5 Ішкі кредиттеуді өтеудің басқа түрлері 48812

9 Өзге ішкі кредиттеуді өтеу 48812

---------------------------------------------------------------------------

КІРІСТЕР жиыны 29351115

---------------------------------------------------------------------------

ШЫҒЫСТАР

---------------------------------------------------------------------------

Функционалдық топ !

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | Міндетө / Мекеме / Бағдарлама / Кіші бағдарлама — А т а у ы (6) | Өзгерісті ескергендегі бюджет (7) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 236034 |
| | 1 | | | | Өкілді, атқарушы және мемлекеттік басқарудың жалпы міндетін атқаратын басқа органдар | 202755 |
| | | 103 | | | Жергілікті өкілді органдар аппараты | 3492 |
| | | | 2 | | Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар | 3492 |
| | | | | 2 | Аумақтық органдар аппараты | 3492 |
| | | 105 | | | Әкімдер аппараттары | 199263 |
| | | | 2 | | Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар | 199263 |
| | | | | 2 | Аумақтық органдар аппараты | 199263 |
| | 5 | | | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 33279 |
| | | 105 | | | Әкімдер аппараттары | 10000 |
| | | | 51 | | Жергілікті деңгейдегі халық санағын жүргізу | 10000 |
| | | 256 | | | Экономиканы, индустрияны және сауданы басқару | 23279 |
| | | | 2 | | Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар | 23279 |
| | | | | 2 | Аумақтық органдар аппараты | 23279 |
| 2 | | | | | Қорғаныс | 192286 |
| | 2 | | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмысты ұйымдастыру | 192286 |
| | | 105 | | | Әкімдер аппараты | 192286 |
| | | | 31 | | Төтенше жағдай жөніндегі штабтар жұмысын ұйымдастыру | 6915 |
| | | | 32 | | Жергілікті деңгейдегі төтенше жағдайларды жою | 185261 |
| | | | | 30 | Өрт қызметі | 183015 |
| | | | | 31 | Судан құтқару қызметі | 2246 |
| | | | 33 | | Төтенше жағдайлар жөніндегі штабтарды материалдық-техникалық құралдармен қамсыздандыру | 110 |
| 3 | | | | | Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік | 885706 |
| | 1 | | | | Құқық қорғау қызметі | 872706 |
| | | 105 | | | Әкімдер аппараты | 40000 |
| | | | 44 | | Қалалар мен елді мекендерде жол қозғалысын реттеу | 40000 |
| | | 251 | | | Ішкі істер басқармасы | 832706 |
| | | | 2 | | Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар | 786384 |
| | | | | 2 | Аумақтық органдар аппараты | 786384 |
| | | | 30 | | Қоғамдық тәртіпті қорғау және жергілікті деңгейде | |

қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету 46322

30 Айықтырғыш жұмысын ұйымдастыратын айықтырғыштар мен милиция құрылымдары 13000

31 Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталығы 14000

32 Белгілі тұрағы мен құжаты жоқ тұлғаларға арналған қабылдау тұрақтары 17522

33 Әкімшіліктік тәртіппен тұтқындалған тұлғаларға арналған арнайы тұрақтар 1800

2 Құқықтық қызмет 13000

105 Әкімдер аппараты 13000

66 Нотариалдық іс-әрекеттерді жасауды ұйымдастыру 13000

30 Нотариалдық кеңселер 13000

4 Білім 4408033

1 Мектепке дейінгі білім 505223

253 Білім басқармасы 505223

36 Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту 505223

2 Бастауыш және орта білім 3514729

253 Білім басқармасы 3463621

20 Жергілікті деңгейдегі жалпы білім беру 3452948

30 Арнайы мектептер 11019

32 Ерекше режимдегі мектеп-интернаттар 284822

33 Бастауыш, толық емес орта және орта мектептер 3096051

34 Мектеп-интернаттар 29537

35 Арнайы мектеп-интернаттар 31519

32 Жергілікті деңгейдегі орта білім жүйесін ақпараттандыру 10673

255 Туризм және спорт басқармасы 51108

20 Жергілікті деңгейдегі жалпы білім беру 51108

31 Спорт мектептері 51108

3 Кәсіптік-техникалық білім 144936

253 Білім басқармасы 144936

31 Кәсіби-техникалық білім 144936

30 Кәсіби-техникалық мектептер 143794

31 Арнайы кәсіби-техникалық мектептер 1142

4 Арнайы орта білім 225152

253 Білім басқармасы 197194

8 Жергілікті деңгейде орта арнаулы оқу орындары кадрларын даярлау 197194

254 Денсаулық сақтау басқармасы 27958
8 Жергілікті деңгейде орта арнаулы оқу орындары кадрларын даярлау 27958
5 Кадрларды қайта даярлау 10026
253 Білім басқармасы 10026
11 Жергілікті деңгейде кадрларды қайта даярлау 10026
6 Мемлекеттік мекемелер кадрларын қайта даярлау 10026
9 Білім саласындағы басқа да қызметтер 7967
253 Білім басқармасы 7967
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығын 7967
31 Аудандық білім бөлімдері 3304
32 Қалалық білім бөлімдері 4663
5 Денсаулық сақтау 3763021
1 Сан салалы ауруханалар 16000
251 Ішкі істер басқармасы 16000
31 Жергілікті деңгейдегі сан салалы ауруханалар 16000
30 Госпитальдар 16000
2 Халық денсаулығын сақтау 136585
254 Денсаулық сақтау басқармасы 136585
31 Жергілікті деңгейдегі медициналық орталықтар 19817
30 СПИД-тің»алдын алу және күрес жөніндегі облыстық орталықтар 19817
33 Жергілікті деңгейдегі эпидемиямен күрес 19000
39 Жергілікті деңгейдегі қауіпті инфекцияның алдын алу және күрес 95068
30 Облыстық, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциялар 95068
41 Жергілікті деңгейдегі салауатты өмір салтын насихаттау 2700
3 Арнайы медициналық көмек 479264
254 Денсаулық сақтау басқармасы 479264
30 Жергілікті деңгейдегі арнайы ауруханалар 280653
30 Облыстық, клиникалық, психоневрологиялық ауруханалар 97449
31 Инфекциялық ауруханалар 183204
32 Жергілікті деңгейде орындалатын "Туберкулез" бағдарламасы 187799
30 Туберкулез ауруханалары 132870
32 Туберкулез санаторийлері 54929
40 ҰОС ардагерлері мен мүгедектеріне арналған

ауруханалар мен поликлиникалар 10812
5 Медициналық қызметтің басқа түрлері 3124019
254 Денсаулық сақтау басқармасы 3124019
35 Қор ұстау үлгісі бойынша бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету 617360
36 Жергілікті деңгейде халыққа медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету 2174450
37 Жедел жәрдем көмегі 297657
38 Облыс халқының денсаулығын сақтау жөніндегі басқа қызметтер 34552
31 Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрі-дәрмекпен қамсыздандыру 32400
33 Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базасы 2152
9 Денсаулық сақтау саласындағы басқа қызметтер 7153
254 Денсаулық сақтау басқармасы 7153
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар 7153
3 Облыстық басқармалар аппараттары 7153
6 Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 1728869
Әскери қызметшілердің ақшалай өтемі (мерзімдік қызметтегіден басқалары) 16985
Ішкі істер органдарының әскери қызметшілерінің ақшалай өтемі 47414
Арнайы мемлекеттік жәрдем 326677
1 Әлеуметтік жәрдем 317917
253 Білім басқармасы 79332
6 Балаларды әлеуметтік қамсыздандыру 79332
30 Балалар үйлері 78782
31 Қамқорсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйі мен қабылдау алған отбасыларындағы жетім балаларға мемлекеттік көмек 550
254 Денсаулық сақтау басқармасы 103916
6 Балаларды әлеуметтік қамсыздандыру 103916
30 Балалар үйі 103916
258 Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы 134669
32 Жергілікті деңгейде интернат үлгісіндегі мекемелер арқылы көрсетілетін әлеуметтік қамсыздандыру 134539
30 Жасөспірім мүгедектерге арналған мектеп-интернаттар мен психоневрологиялық интернат үйлер 35352

31 Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат-үйлер 68571

32 Үйге әлеуметтік көрсететін аумақтық орталықтар мен бөлімшелер 30616

54 4-тен артық баласы жұмыс істемейтін аналарға жәрдем 130

2 Әлеуметтік қамсыздандыру 965239

258 Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы 965239

30 Жұмыспен қамту бағдарламасы (қоғамдық жұмыс, жұмыссыздарды кәсіби даярлау мен қайта даярлау) 63000

31 Тұрғын үй көмегі тұрмысы нашар азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету (балалар мен жұмыссыздары бар отбасыларға көмек 411674

30 Тұрғын үй жәрдемақысы 230000

31 Баласы бар отбасыларға көмек 124584

32 Туған балаға әлеуметтік көмек 18860

33 Жұмыс істейтін азаматтарды жерлеу үшін әлеуметтік көмек 10032

34 Жұмыссыздарға материалдық көмек 28198

35 Газ бойынша әлеуметтік көмек 48067

37 Сұйық отын бойынша әлеуметтік көмек 338

38 Тұрғын-үй коммуналдық қызметі бойынша әлеуметтік көмек 297846

39 Таксиден басқа жалпы пайдаланатын көлікте жүру бойынша әлеуметтік көмек 60000

40 Электр энергиясы бойынша әлеуметтік көмек 25123

41 Санаториялық емдеу бойынша әлеуметтік көмек 19500

44 Бензин алу бойынша әлеуметтік көмек 3965

49 Байланыс бойынша әлеуметтік көмек 13500

51 Арнайы қозғалыс құралдарымен қамсыздандыру және оларға техникалық қызмет көрсету 18940

56 Үйде мүгедек балаларды тәрбиелейтін отбасыларға материалдық қамсыздандыру 3286

9 Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы басқа да қызметтер 54637

258 Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы 54637

2 Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар 47335

30 Еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік

қамсыздандырудың жергілікті органдары 47335
33 Жергілікті деңгейдегі медициналық-әлеуметтік сарап 7302
30 Облыстық, қалалық және аудандық медициналық-әлеуметтік сарап комиссиялары 7302
7 Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы 615000
1 Тұрғын-үй шаруашылығы 190000
105 Әкімдер аппараттары 190000
43 Тұрғын-үй шаруашылығы 190000
30 Аса мұқтаж адамдарды тұрғын-үймен қамтамасыз ету 190000
4 Санитарлық жұмыстар 138000
105 Әкімдер аппараттары 138000
35 Қоқыс пен басқа да қалдықтарды жинау мен тасу, канализация жүйесін пайдалану және көшелерді тазалау 138000
5 Қала көшелерін жарықтандыру 84000
105 Әкімдер аппараттары 84000
36 Көше жарығы бойынша жұмыстарды жүргізу мен ұйымдастыру 84000
6 Қала мен елді мекендерді көріктендіру 203000
105 Әкімдер аппараттары 203000
37 Қала мен елді мекендерді көгалдандыру жөніндегі жұмыстар 194300
45 Жергілікті деңгейдегі қоғамдық мұқтаж үшін жер бөлу жұмыстар 8700
8 Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік 372332
1 Мәдениет саласындағы қызмет 217245
105 Әкімдер аппараттары 42000
38 Жергілікті деңгейдегі демалысты ұйымдастыру 42000
30 Хайуанаттар паркі мен дендропарктер 42000
252 Білім басқармасы 47983
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар 1705
3 Облыстық басқармалар аппараттары 1705
30 Жергілікті деңгейдегі мәдениет ұйымдарын есептік қызметтермен қамсыздандыру 680
93 Орталықтандырылған бухгалтерия 680
35 Мәдени демалысты ұйымдастыру 7655
36 Жергілікті деңгейде театрлық және сахналық шараларды жүргізу 4000
37 Жергілікті деңгейде мемлекеттік қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру 27800

38 Жергілікті деңгейде сахналық шараларды жүргізу 5000
39 Жергілікті деңгейде тарихи мәдени құндылықтарды сақтау 1143
253 Білім басқармасы 127262
35 Жергілікті деңгейде балалармен мәдени шаралар жүргізу 127262
2 Спорт және туризм 40637
255 Туризм және спорт басқармасы 40637
2 Жергілікті деңгейдегі әкімшіліктік шығындар 3262
3 Облыстық басқармалар аппараттары 3262
30 Жергілікті деңгейде спорт шараларын жүргізу 37375
3 Ақпарат кеңістігі 114450
105 Әкімдер аппараттары 80000
46 Жергілікті деңгейдегі газет-журналдар арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу 30000
47 Жергілікті деңгейдегі теледидар арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу 50000
252 Мәдениет басқармасы 25060
34 Жергілікті деңгейде ақпарат өтімділігімен қамсыздандыру 25060
30 Кітапханалар 25060
261 Архив қоры бөлімі 9390
30 Жергілікті деңгейде архив қорының, баспа басылымдарының сақталуын және олардың арнайы пайдаланылуын қамсыздандыру 9390
30 Облыстық және қалалық архивтер 9390
10 Ауыл, су және орман шаруашылығы мен табиғатты қорғау 70000
5 Қоршаған ортаны қорғау 70000
105 Әкімдер аппараты 70000
34 Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыру 70000
30 Қоршаған ортаны қорғаудың облыстық (қалалық) қорлары 5366
31 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстар 64634
11 Өнеркәсіп, құрылыс және жер қойнауын пайдалану 142000
2 Құрылыс 142000
105 Әкімдер аппараттары 42000
48 Жергілікті деңгейдегі жобалық-іздестіру, конструкторлық және технологиялық жұмыстар 42000
130 Алматы қаласының Әкімі 100000

30 Алматы қаласындағы метро құрылысы 100000
12 Көлік пен байланыс 431816
1 Автомобиль көлігі 431816
105 Әкімдер аппараттары 431816
39 Қала жолдарының жұмысын қамсыздандыру 237200
49 Жергілікті деңгейдегі автомобиль жолдарын салу 194616
30 Жергілікті деңгейдегі автомобиль жолдарын жөндеу 194616
13 Басқалар 319501
3 Кәсіпкерлік қызметті қолдау 49501
105 Әкімдер аппараттары 49501
80 Жергілікті деңгейдегі шағын кәсіпкерлікті қолдау 49501
9 Басқалар 270000
105 Әкімдер аппараттары 270000
52 Жергілікті атқару органдарының резерві 263000
57 Қозғалмайтын мүлікті бағалау 7000
14 Қарызды өтеу 289
1 Қарызды өтеу 289
105 Әкімдер аппараттары 289
53 Жергілікті атқару органдарының қарызын өтеу 289
11 Заем бойынша, сыйақы төлеу 289
15 Ресми трансферттер 16161844
1 Ресми трансферттер 16161844
130 Алматы қаласының Әкімі 16161844
26 Облыстық бюджеттен республикалық бюджетке
трансферттер 16161844
16 Қаржыландыру 210
1 Негізгі қарызды өтеу 210
105 Әкімдер аппараттары 210
55 Жергілікті атқару органдардың қарызын өтеу 210
Бұрынғы бюджеттік ұйымдардың кешіктірілген қаржылық
міндеттемесін орындау 24174
------------------------------------------------------------------------
ШЫҒЫСТАР жиыны 29351115
------------------------------------------------------------------------

I сайланған Алматы
қалалық Мәслихаты
XXIII сессиясының төрағасы
I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК